

Мұғалжар аудандық маслихатының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 285 "2023-2025 жылдарға арналған Қандыағаш қаласының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 шілдедегі № 70 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының "2023-2025 жылдарға арналған Қандыағаш қаласының бюджетін бекіту туралы" 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 285 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2023-2025 жылдарға арналған Қандыағаш қаласының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 744 524 мың теңге:

салықтық түсімдер – 199 959 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 30 041 мың теңге;

трансферттер түсімі – 514 524 мың теңге;

2) шығындар – 776 314 мың теңге:

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 31 790 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 31 790 мың теңге

:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 31 790 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
26 шілдедегі № 70 шешіміне
қосымша

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2022 жылғы
29 желтоқсандағы № 285
шешіміне 1 қосымша

2023 жылға арналған Қандыағаш қаласының бюджеті

санаты				сомасы (мың теңге)
	сыныбы			
		кіші сыныбы		
			атауы	
			1. КІРІСТЕР	744 524
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	199 959
	01		Табыс салығы	62 787
		2	Жеке табыс салығы	62 787
	04		Меншікке салынатын салықтар	111 131
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2 867
		3	Жер салығы	6 756
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	101 508
		5	Бірыңғай жер салығы	0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	26 041
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	26 041
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	30 041
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	30 041
		1	Жерді сату	30 000
		2	Материалдық емес активтерді сату	41

4			Трансферттердің түсімдері	514 524
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	514 524
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	514 524

функционалдық топ					сомасы (мың теңге)
	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			бағдарлама		
				Атауы	
				II. ШЫҒЫНДАР	776 314
01				Ж а л п ы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	183 764
	1			Мемлекеттік басқарудың ж а л п ы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	183 764
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	183 764
			001	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	118 964
			022	Мемлекеттік органның	64 800

				күрделі шығыстары	
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	451 560
	3			Елді мекендерді көркейту	451 560
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	451 560
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	207 500
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	46 623
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	197 437
12				Көлік және коммуникация	133 795,5
	1			Автомобиль көлігі	133 795,5
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	133 795,5
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	113 795,5
				Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде,	

			045	ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	20 000
15				Трансферттер	7 194,5
	1			Трансферттер	7 194,5
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 194,5
			048	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	7 194,5
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-31 790
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	31 790
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	31 790
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	31 790
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	31 790
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	31 790